

TIMSS,PIRLS халықаралық
зерттеулер мәнмәтінінде
оқушылардың функционалдық
сауаттылығын дамыту бойынша
бастауыш сынып мұғалімдері
қызметінің ғылыми-дидактикалық
негіздері

* **TIMSS халықаралық зерттеуінің негізгі міндеті** – білім саласындағы әлемдік артықшылықтарды көрсететін объективті өлшемдер шегіндегі құралдары негізінде алынған нәтижелерді талдау және білім саясатына қажетті ғылыми дәлелденген қорытындылар жасау. Халықаралық зерттеу негізгі екі бағыт бойынша жүзеге асады: «математика» және «ғылыми-жаратылыстану», сонымен қатар оқушылардың жалпы оқуды меңгеруі және зияткерлік қабілетін бағалауға ерекше көңіл бөлінеді. Білім үш деңгейлік тұрғыдан қарастырылады: – жоспарланған (мемлекет тарапынан әлеуметтік тапсырыс ретінде анықталады); – жүзеге асырылған (мектептердегі нақты оқу процестерімен анықталады); – қол жеткізілген (мектептердегі оқытудың нәтижелерімен анықталады). Білім алушылардың білім жетістіктерін анықтау үшін жаратылыстану-математика циклы пәндері бойынша тестілер мен тестілік тапсырмалар, фондық ақпараттың нақты параметрлері анықталады. TIMSS халықаралық зерттеулерін өткізуде қолданылатын құралдар: • тест тапсырмалары бар буклеттер; • мектеп әкімшілігіне арналған сауалнама; • оқушыларға арналған сауалнама; • математика және жаратылыстану пәндерінің (математика, физика, биология, химия, география) мұғалімдеріне арналған сауалнама; • Ұлттық Үйлестірушіге арналған нұсқаулық; • облыстық Үйлестірушіге арналған нұсқаулық; • мектеп Үйлестірушісіне арналған нұсқаулық; • тест өткізу туралы нұсқаулық

Бағдарламаны оқушылардың білім жетістігін бағалау бойынша Халықаралық Қауымдастық үйлестіреді (IEA).

PIRLS зерттеуінің басты мақсаты түрлі әлем елдері бастауыш мектеп оқушыларының мәтінді оқуы және түсіну сапасы деңгейін салыстыра бағалау болып табылады.

Зерттеуге 50-ден астам әлем елдері қатысады. Халықаралық жоба бесжылдық мерзіммен өткізіледі (2001, 2006, 2011, 2016).

**Функционалдық сауаттылық –білім берудің
жеке тұлғаны қалыптастырудағы әлеуметтік
бағдарлануы**

**«Функционалдық сауаттылық» –
ұғымы өткен ғасырдың
60-жылдары ЮНЕСКО
күжаттарында пайда болды және
кейіннен қолданысқа енді.**

* Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылы 25 маусымда №832 Қаулысымен «Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары» қабылданды.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы дегеніміз – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету.

*

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту

- Оқу, жазу және түсінгенін жеткізу сауаттылығы;
- Жаратылыстану ғылымдарындағы сауаттылық;
- Математика сауаттылығы;
- Компьютер сауаттылығы;
- Отбасы мәселелеріндегі сауаттылық;
- Денсаулық мәселесіндегі сауаттылық;
- Заң сауаттылығы.

Оқушылардың функционалдык сауаттылығын дамытуға мынадай факторлар әсер етеді:

- білім беру мазмұны;**
- оқыту нысандары мен әдістері;**
- білім алушылардың оқудағы жетістіктерін диагностикалау мен бағалау жүйесі;**
- мектептен тыс, қосымша білім беру бағдарламалары;**
- мектепті басқару моделі;**
- барлық мүдделі тараптар мен әріптестікке негізделген достық қалыптағы білім беру ортасының болуы;**
- ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеу процесіндегі белсенді рөлі**

Қорытынды

- Мұғалім мен оқушы арасында тең құқылы қарым-қатынас болады.
- Жеке ,жұпта,топта оқу жазу әрекеттері іске асады.
- Оқушы–басты дамушы тұлға .
- Мұғалім-басты тұлғаға бағыт беруші
- Ұжымдық үрдіс жүзеге асады.
- Әр оқушы өзіне жауапкершілікпен қарайды.
- Жаңа ақпаратпен қамтамасыз етіледі.
- Оқыту үрдісінде оқушылар толық белсенді қатысып сабаққа тез араласады.
- Пікір алмасу жүзеге асады.
- Қорытынды жасай алады.
- Барлық пәндерге қолдануға болады.
- Ата-аналар жиналысы, тәрбие сағаты, конференция, пед.кеңестерде стратегияларын қолданып ұтымды өткізуге болады.
- Адамды жалықтырмайды,қызығушылық пен құлшыныс пайда болады.
- Шығармашылық шыңына жетуге көмек.
- Оқушылардың бойында белсенділік, қызығушылық, таным деңгейі жоғарлайды.
- Жаңалық ашуға,зерттеуге,ізденуге үйренеді.

***Назарларыңызға
рахмет!***

